



БҰЙРЫҚ

2.09.2025

Қазығұрт с.м

ПРИКАЗ

№ 93

с.Қазығұрт

«Мектеп-гимназиясындағы қызметкерлердің
лауазымдық міндеттерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі
№338 бұйрығына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп-гимназиясындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттері төмендегідей
болып бекітілсін.

Мектеп-гимназия директоры Каримов С.М

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына сәйкес және осы біліктілік сипаттамаларына сәйкес басқарады. Педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың іске асырылуын ұйымдастырады. Педагогикалық кеңесті басқарады. Мектепті дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, мектепшілік бақылау жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын, психологиялық қызметтің жұмыс жоспарын және құрамын бекітеді. Білім беру ұйымының ғылыми - әдістемелік және материалдық-техникалық базасын қалыптастырады және жетілдіреді; оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді; заманауи ақпараттық технологияларды дамытуды қамтамасыз етеді; қашықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады және бақылайды, барлық сыныптар үшін қашықтан оқытудың түзетілген оқу бағдарламасын және сабақ кестесін бекітеді. Педагогикалық ұйымдардың, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының қызметіне ықпал етеді. Білім беру қызметінің құқықтану лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын үй, еңбек және өзге де) қорғайды, оларға туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды ескере отырып, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді; оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; білім беру ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, қаржы қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады. Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар қоғамдастығының алдында ұйымның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.

Нормативтік талаптарға сәйкес есепке алуды, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, санитариялық-

гигиеналық режимнің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуына жауап береді.

Педагогтер мен қосалқы персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің штаттық кестесін және лауазымдық міндеттерін бекітеді, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген. Педагогтерді аттестаттау және біліктілік санатын беру (растау) рәсімін ұйымдастырады. Жоғары көрсеткіштері мен жетістіктері бар білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен педагогтерін көтермелеуге ұсынады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті басқарады, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жаза қолданады. Өз құзыреті шегінде мектептің басқа қызметкерлеріне жаза қолданады. Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауыстыратын тұлғалармен), қамқоршылық кеңеспен жұмысты үйлестіреді. Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді. Өзінің кәсіби дамуымен жұмыс істейді, оның ішінде менеджмент саласында. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді. Білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер. педагогика және психология негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері. Педагогикалық этиканың нормалары. Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар; республикалық әскери мектеп-интернаттың, облыстық Кадет мектеп-интернатының бастығы (директоры) Қосымша білуге тиіс: "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. :

Директордың оқу ісінің орынбасары

Оқу-тәрбие процесін, білім беру ұйымының қызметін ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады; оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды; мемлекеттік стандарттың, оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, сондай-ақ құжаттаманың әзірленуі бойынша педагогтердің жұмысын үйлестіреді; педагогтердің қысқа мерзімді жоспарларын тексереді; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде білім беру процесінің сапасын және білімді игеру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін бақылауды жүзеге асырады; Ағымдағы және қорытынды аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру бойынша жұмысты жүзеге асырады; Білім беру процесіне жаңа тәсілдерді, тиімді технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады, барлық сыныптар үшін Қашықтықтан оқытудың оқу бағдарламасын және сабақ кестесін түзетеді. Пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, білім бөлімін жүргізеді, мектепшілік бақылау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын талдайды. Пәндер бойынша білімді тақырыптық бақылауды қамтамасыз етеді; Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының, курстардың және оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сабақтарының кестесін жасайды; Білім алушылар мен педагогтердің олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді; Білім беру ұйымының пәндік әдістемелік бірлестіктері мен эксперименттік жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық жұмысты және оны талдауды қамтамасыз етеді; Педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату бойынша шараларды жинақтайды және қабылдайды; Тәлімгерлік,

Біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтандыру бойынша жұмысты жоспарлайды және ұсыныс енгізеді, пән мұғалімдерімен бірлесіп баламалы оқулықтарды таңдауды жүзеге асырады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде электрондық оқулықтар мен цифрлық ресурстарды сатып алуға, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыруға өтінім ұйымдастырады; Жыл сайын кітапхана қорын әдебиеттермен толықтыруға өтінім береді; Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, аспаптардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; Белгіленген есептік құжаттаманы сапалы және уақтылы жасауды қамтамасыз етеді және кері байланысты ұсына отырып, педагогтердің сабақтарын талдайды; Оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік сағаттар, оқыту семинарлары, тренингтер өткізеді; Педагогикалық кеңестердің күн тәртібі мен материалдарын дайындайды; Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Педагогика және психология негіздері;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Педагогикалық этиканың нормалары;

Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Шерова Гүлнар

(директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары)

1. 8-11 сыныптардағы I ауысудағы оқу-тәрбие жұмыстары .
20. «Білім туралы» Заңының іс жүзінде асырылуы (Всеобуч) заңының орындалуы.
21. I ауысудағы сабақ кестесі, оқушыларының үлгерімі, сабаққа қатысуы, электронды журналдардың жүргізілуіне бақылау мен басшылық жасау.
22. Ағылшын тілі, математика пәнінің оқытылуы мен методикалық жұмыстары, тәжірибе алмасуын бақылау және мұғалімдерінің өзара сабаққа енуін бақылау
23. Негізгі мектепті және орта мектепті бітірудегі ҰБТ-тің, емтихандардың құжаттары мен ҰБТ-тің дайындық барысында басшылық жасау.
24. Базистің оқу жоспарының орындалуы.
25. Оқушылардың білім дәрежесін ағымдағы және қорытынды тексеру материалдары.
26. Мектепке келген-кеткен оқушылардың қозғалысының есебін бақылау, статистикалық есептер тапсыру.
27. Оқушылардың алфавиттік кітабын, мемлекеттік құжаттардың толтырылуы.
28. Бірінші ауысым мұғалімдердің оқу жоспары мен бағдарламаларының орындалуын қадағалау.
29. Бірінші ауысым мұғалімдердің еңбек тәртібінің сақталуын бақылау.
30. Бірінші ауысым мұғалімдердің өз білімі мен квалификациялық мамандығын жетілдіру курсының кестесінің орындалуын қадағалау, перспективалық жоспарын түзу.
31. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының орындалуы циклограммасын қадағалау.
32. I ауысымдағы сыныптар бойынша оқушылар мен мұғалімдердің білім дәрежесін диагностикалау (акті, анықтама, схема, таблица).
33. Мұғалімдер бөлмесінің безендірілуі және материалдық-техникалық базасына бақылау жасау.
34. «Негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүргізу.
35. 8-11 сынып оқушыларының пәндік олимпиадасын өткізу мен дайындық жұмыстарын жүргізу.

36. Мектептің әдістемелік кеңесті жылдық, тоқсандық, айлық жоспарларын жасау және пән әдісбірлестік жұмысына бақылау мен басшылық жасау.

37. 8-11 сынып оқушыларының пәндік олимпиадасының өткізу мен дайындық жұмыстарын жүргізу.

Жұмыс уақыты: 7:45 -18:00, түскі үзіліс 13:00-16:00

Оразбаева Бақтыгүл

(директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары)

1. II аусымдағы 5-7 сыныптардағы екінші ауысымдағы оқу-тәрбие жұмыстары.
2. II аусымдағы сабақ кестесі, 5-7 сынып оқушыларының үлгерімі, сабаққа қатысуы. электронды журналдардың жүргізілуіне бақылау мен басшылық жасау.
3. Тарих –география пәндерінің берілуіне және методикалық жұмыстары мен тәжірибе алмасуын бақылау.
4. Бекітілген пәндер бойынша пән мұғалімдерінің өзара сабаққа енуін бақылау.
5. II аусымдағы мұғалімдердің оқу жоспары мен бағдарламаларының орындалуын қадағалау.
6. II аусымдағы мұғалімдердің еңбек тәртібінің сақталуын бақылау.
7. II аусымдағы сыныптар бойынша оқушылар мен мұғалімдердің білім дәрежесін диагностикалау (акті, анықтама, схема, таблица).
8. II аусымдағы сыныптардағы оқушылардың дәптерлерінің сапасын бақылау.
9. II аусымдағы мектепшілік бақылау материалдары.
10. II аусымдағы оқушылардың білім дәрежесін ағымдағы және қорытынды тексеру материалдары.
11. II аусымдағы мұғалімдердің техникалық төл құжаттары (бағдарлама, тақырыптық жоспар, күнтізбелік жоспар).
12. II аусымдағы мұғалімдердің бекітілген үлгі бойынша арналған папкаларын бақылау.
13. II аусымдағы сыныптардағы оқу тәрбие жұмысына бір жылдық талдау.
14. II этаждағы «А» бөліміндегі кабинеттер мен коридордың безендірілуі және материалдық-техникалық базасына бақылау жасау.
15. Мұғалімдердің жұмысқа шығуы туралы табель түзу, өтілген-өтілмеген сабақтардың есебін жүргізу
16. 5-7сынып оқушыларының оқушыларының пәндік олимпиадасын өткізу мен дайындық жұмыстарын жүргізу.
17. Жұмыс уақыты 9:00 ден 19:30 дейін, түскі үзіліс 11:00 ден 13:30 аралығы

Баймолдинова Айдана

(директордың оқу ісінің орынбасары)

1. Оқу процесінде ақпараттандыру жүйесін пайдалану бойынша жұмысты үйлестіру
2. Ақпараттық технологияларды пайдалану әдістерін педагогтерді оқытуды ұйымдастыру
3. Электрондық журналдағы оқушыларды уақытша есепке алып, есептен шығарып отыру
4. ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы әдістемелік, зерттеу, тәжірибелік –эксперименттік және инновациялық жұмыс жүйесін ұйымдастыру және жоспарлау
5. ҰБДҚ уақытылы, сапалы толтырылуын қамтамасыз ету
6. Жұмыс уақыты: 9.00 -18.00, түскі үзіліс 13:00-15:00 аралығы

Бастауыш білім беру ұйымы директорының орынбасары

Лауазымдық міндеттері:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес бастауыш мектепте оқу-тәрбие процесін және әдістемелік жұмысты ұйымдастырады; Бастауыш мектептің педагогикалық ұжымына әдістемелік басшылықты жүзеге асырады; Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын орындау бойынша педагогтердің жұмысын, сондай-ақ құжаттаманы әзірлеуді үйлестіреді; Білім беру процесінің сапасын жүйелі бақылауды жүзеге асырады, педагогтердің қысқа мерзімді жоспарларын тексереді; Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес бастауыш мектептің педагогикалық ұжымының қызметін жоспарлайды; Бастауыш мектеп педагогтері өткізетін үйірмелер мен факультативтердің жұмысын, сабақтарға және оқу сабақтарының басқа түрлеріне қатысуды ұйымдастырады;

Бастауыш мектептің оқу процесінде қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін сақтау режимін қамтамасыз етеді; Ата-аналарды/занды өкілдерді бастауыш мектепте оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша қабылдайды және кеңес береді; Білім беру процесіне жаңа тәсілдерді, тиімді технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді; Қашықтықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады, барлық сыныптар үшін қашықтықтан оқытудың оқу бағдарламасын және сабақ кестесін түзетеді; Пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, білім қимасын жүргізеді, мектептегі бақылау қорытындысы бойынша білім сапасын, бөлім бойынша жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды (ТЖБ) талдайды; Пәндер бойынша білімді тақырыптық бақылауды қамтамасыз етеді; Қашықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады, барлық сыныптар үшін қашықтықтан оқытудың оқу бағдарламасын және сабақ кестесін түзетеді; Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының, курстардың және оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сабақтарының кестесін жасайды; Білім алушылар мен педагогтердің олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді; Педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату бойынша шараларды жинақтайды және қабылдайды; Тәлімгерлік, біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Оқу кабинеттерін көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықтау бойынша жұмысты жоспарлайды және ұсыныс енгізеді, балама оқулықтарды таңдауды жүзеге асырады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде электрондық оқулықтар мен цифрлық

ресурстарды сатып алуға, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыруға өтінімді ұйымдастырады;

Жыл сайын кітапхана қорын әдебиеттермен толықтыруға өтінім береді;

Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, аспаптардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; Белгіленген есептік құжаттаманы сапалы және уақтылы жасауды қамтамасыз етеді және кері байланысты ұсына отырып, бастауыш мектеп педагогтерінің сабақтарын талдайды; Бастауыш мектеп педагогтері үшін оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік сағаттар, оқыту семинарлары, тренингтер өткізеді; педагогикалық кеңестердің күн тәртібі мен материалдарын дайындайды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, білім алушылар, бастауыш мектеп педагогтері арасында академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары, Бала құқықтары туралы Конвенция және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік, Педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Педагогика және психология негіздері, физиология, гигиена негіздері;

Заманауи психологиялық-педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Педагогикалық этиканың нормалары;

Мәтіндік редакторлармен, электрондық кестелермен, электрондық пошталармен және браузерлермен, мультимедиялық жабдықтармен жұмыс істеу негіздері;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар;

Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері.

Нұрмағанбетова Ұмсынай

(директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие
жұмыстары жөніндегі орынбасары)

1. Бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және оның дамуына бақылау жасау.
2. Бастауыш сыныптардағы сабақ кестесін түзу. электронды журналдардың жүргізілуіне бақылау мен басшылық жасау.
3. I этаж және кабинеттердің безендірілуін, материалдық –техникалық базасына бақылау жасау.
4. Бастауыш сыныптар бойынша оқушылардың білім дәрежесін диагностикалау.
5. Базистік оқу жоспарының 1-4 сыныптар бойынша орындалуы.
6. 2-4 сыныптардағы үйірме жұмысының жүргізілуін қадағалау жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс жүргізуін және жаңа технологиялар әдістерін тарату
7. Бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара сабаққа енуін бақылау.
8. ББЖМ - ға байланысты іс-құжаттарды жүргізу және бақылау мен басшылық жасау.
9. «Озат тәжірибе» мектебі жұмысына басшылық пен бақылау жүргізу.
10. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағынстылығына қарамастан білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүргізу.

Жұмыс уақыты: 7:45 – 18:15, түскі үзіліс 12:00 – 15:00 аралығы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері:

Тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

Аға тәлімгерлердің, ұзартылған күн топтары тәрбиешілерінің, сынып жетекшілерінің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтардың және қосымша білім беру педагогтерінің қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

Тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбие іс-шараларын дайындау және өткізу бойынша құжаттаманы әзірлеуді қамтамасыз етеді;

Тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

Педагогтарды іріктеуге қатысады, кәсіби даму, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

Тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік – психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

Білім беру процесінің барлық қатысушыларының толерантты мінез-құлық мәдениетін қамтамасыз етеді;

Психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесін үйлестіреді;

Мектеп-ата-ана қатынастарының жаңа нысандарын, мектеп пен отбасының толық өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

Тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

Киберкультураны (компьютерлік технологиялар мүмкіндіктерін пайдаланады) және кибергигиенаны дамытады (интернет желісінде жұмыс істеу дағдылары мен білімі бар);

Білім алушылардың, педагогтердің конкурстарға, слеттерге, конференцияларға қатысуын қамтамасыз етеді;

Кәсіптік бағыт беру жұмыстарын жүргізеді;

Есептік құжаттаманың сапалы және уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді;

Ата-аналар үшін педагогикалық консилиумдар ұйымдастырады және өткізеді;

Мектеп парламентінің, дебат қозғалысының, оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырады;

"Қоғамға қызмет ету", "Отанға тағзым", "Үлкендерге құрмет", "Анаға құрмет" қоғамдық-пайдалы жұмыстарын ұйымдастырады;

Адамгершілік-рухани білім беруді қамтамасыз етуде "өзін-өзі тану" пәнінің педагогымен өзара іс-қимыл жасайды;

Білім беру ұйымдары түлектерінің қауымдастығын құру және қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді;

Педагогикалық еңбек ардагерлерімен өзара іс-қимыл жасайды;

Білім беру ұйымы мұражайының жұмысын ұйымдастырады;

Туристік жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырады;

Білім алушылардың бойында патриоттық тәрбие, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

- Педагогика және психология негіздері;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;
- Педагогикалық этиканың нормалары;
- Экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Жантасов Жандос
(Директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

10. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жұмысын ұйымдастыру.
11. I ауысым бойынша қыздар және ұлдар ұйымының жұмысына басшылық жасау.
12. I кезіндегі мұғалімдер мен оқушылардың кезекшілігіне басшылық жасау.
13. Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру және басшылық жасау (прокуратура, ішкі әстер бөлімі, сот қызметкерлерімен бірлесе).
14. I ауысым бойынша жалпыға бірдей құқықтың «Құқық бағдарламасының» орындалуын бақылау.
15. Оқушылар арасында санитарлық – гигиеналық ережені сақталуына бақылау жасау, медбикелерінің жұмыстарын қадағалау.
16. Мектепті көгалдандыру ісіне байланысты «Жасыл ел» бағдарламасының орындалуын қадағалау,
17. I ауысымда білім алатын оқушылардың аудан орталығындағы орталық кітапхана мен балалар кітапханасымен байланысты бақылау.
18. I ауысымдағы оқушылардың түрлі үйірмелер мен секцияларға қатысуын ұйымдастыру.
19. I ауысымдағы сыныптардың жетекшілері мен ата – аналар арасында байланыс орнатады.
20. I ауысымдағы барлық тәрбие жұмыстарына бақылау жасау.
21. III қабаттағы «А» бөлімін безендіру мен материалдық базасына бақылау жасау.
22. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмысын жүргізу және басшылық жасау
23. Кәсіптік - бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
24. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру.
25. Еңбек және АӘД пәндерінің үйірмелерін, факультативін, әдісбірлестігінің жұмысын қадағалау.
26. Жұмыс уақыты: 7:45 – 18:00, түскі үзіліс 13:50 – 16:00 аралығы

Досалиева Ұлданай
(директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

18. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының, «Жас өрт сөндірушілер», «Адал ұрпақ еріктілер» жұмысын ұйымдастыру.
19. II ауысым бойынша, қыздар және ұлдар ұйымының жұмысына басшылық.
20. II кезеңдегі мұғалімдер мен оқушылардың кезекшілігіне басшылық жасау.
21. Қыздар ұйымымен жұмыс жүргізу.
22. Жалпыға бірдей құқықтық «Құқық бағдарламасының» орындалуын бақылау.
23. Оқушылар арасында санитарлық-гигиеналық ережені сақталуына бақылау жасау, медбикелердің жұмыстарын қадағалау.
24. Аудан орталығындағы Орталық кітапхана мен балалар кітапханасымен байланысқа бақылау.
25. «Бокс», спорт, «өнер» қосымша білім беру ұйымдарымен байланыста болу.

26. Музыка пәндерінің оқытылуы мен методикалық жұмыстары, тәжірибе алмасуын бақылау және мұғалімдердің өзара сабаққа енуін бақылау.
27. II аусымдағы оқушылардың түрлі үйірмелер мен секцияларға қатысуын ұйымдастыру.
28. II аусымдағы оқушылардың тәрбие жұмыстарына басшылық.
29. II аусымдағы сыныптардың жетекшілері мен ата-аналар арасында байланыс орнатады.
30. II аусымдағы барлық тәрбие жұмыстарына бақылау жасау.
31. Сынып жетекшілердің озық тәрбие жұмыстарын жинақтау және тарату.
32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
33. Әдеп кеңесі жұмысын жүргізу
34. Ата – аналарды қолдау орталығының жұмысын ұйымдастыру.
35. III қабаттағы бөлімін безендіру, кабинеттердің материалдық-техникалық бақылау жасау.
36. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына бақылау жасау, жүргізу.
37. Жұмыс уақыты: 11:00 – 19:30 аралығы

Директордың бейіндік істер жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері:

Оқушыларды бейіндік оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірлейді;

Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларымен бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектеп түлегінің қорытынды білім беру рейтингін қалыптастырады; Бейіндік оқыту бойынша білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және жоспарлауды, әртүрлі деңгейлік бағдарламаларды енгізуді, кәсіптік бағдарлау диагностикасын ұйымдастырады және талдайды, оқушылар мен түлектердің кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады; Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін үйлестіреді: оң педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату бойынша, педагогтердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруда инновациялық технологияларды ұйымдастыру және апробациялау бойынша, кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу үшін техникалық және кәсіптік білім беру жоғары оқу орындарымен және ұйымдарымен кездесуді ұйымдастырады; Әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын тандау, "мектеп-ЖОО", "мектеп-колледж-ЖОО", "колледж-ЖОО" үздіксіз білім беру жүйесінде толассыз оқу жоспарлары бойынша оқыту мүмкіндігін, ғылымды зерделеуге деген кәсіби бейімділігін ашуды, одан әрі білім беруді бейіндеу мақсатында оларды тереңдетіп оқыту үшін әр түрлі цикл пәндерін дербес тандауды қамтамасыз етеді; Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірлесіп кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізеді; Белгіленген тәртіппен есептік құжаттаманың сапалы және уақтылы жасалуын, анықтығын және тапсырылуын қамтамасыз етеді; Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Педагогика және психология негіздері;

Педагогикалық этиканың нормалары;

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Педагогика және психология негіздері;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

Педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;
Компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Тулеева Айзада
Директордың бейіндік істер жөніндегі орынбасары

1. Гимназия сыныптарының оқу жоспарының орындалуын бақылау.
 2. Кіші ғылыми академия жұмысын бақылау.
 3. Мұғалімдердің инновациялық жұмыстарының төлқұжаты
 4. Гимназия сыныптарындағы оқу тәрбиемен оқушылардың білім дәрежесіне диагностикалық талдаулар материалдар.
 5. Гимназия кеңесінің іс қағаздары.
 6. Мұғалімдердің эксперименті іс- тәжірибелері, ғылыми ізденістері жұмыстарының материалдарын жинақтау, насихаттау.
 7. Жоғары және басқа оқу орындары мен бірігіп атқаратын жұмыстары жөніндегі іс қағаздар.
 8. Ғылыми әдістемелік жұмыстардың жылдық, айлық жоспарлары
 9. Авторлық және жеке бағдарламалар.
 10. Мемлекеттік дамытудың жан-жақты бағытты бағдарламасы.
 11. Химия, биология пәндерінің берілуінің, осы пәндер бойынша үйірмелер, секция жұмыстарын, мұғалімдердің өзара сабаққа енуін қадағалау.
 12. «Дарынды» оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.
 13. Мектептің айлық іс-шарасын жасау.
 14. «Зерде» шығармашылық тобының жұмысын бақылау.
 15. Бейіндік оқытудың бағыттары бойынша таңдау: жаратылыс-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық бағыттар.
 16. Бейіндік оқытудың алдын-ала таңдалып алынған бағыттар аясында оқытуды қалыптастыру.
 17. Оқушылардың компоненттері бойынша таңдау курстарының мазмұнын іріктеу.
 18. 10-11 сыныптардың оқу жоспарының жұмысын түсіндірудің жазба хатын дайындау.
Оқу орнының педагогикалық кеңесіне 10-11 сыныптардың оқу жоспарының жұмысын бекіту, оқу орнының құрылтайшысымен (аудандық әдістемелік кеңеспен) оқу жоспарының жұмысын келісу.
 19. II қабаттағы «Б» корпусындағы кабинеттер мен коридордың безендірілуі мен материалдық базасына бақылау жасау.
 20. Мұғалімдерді аттестациядан өткізіу, іс-қағаздарын жүргізу. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта біліммен негізгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растау) үшін аттестациядан өткізуге құжаттар қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүргізу.
- Жұмыс уақыты: 9:00 – 18:00, түскі үзіліс 13:00 – 15:00 аралығы

Алғашқы әскери дайындық жетекшісі
Үшкемпіров Талғат

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы";

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу, бастапқы әскери даярлық мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

Педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Басқарудың инновациялық әдістері;

Педагогикалық этиканың нормалары;

Экономика негіздері, еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

Лауазымдық міндеттері:

Білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді;

Оқу кабинетін жабдықтауға және жабдықтауға қойылатын талаптарды сақтайды;

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен (топ жетекшілерімен) бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

Білім беру ұйымдарының бастапқы әскери даярлық кабинеттерінің және (немесе) полигондарының материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен құрал-саймандардың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

Әскери іс негіздерін зерделеу бойынша үйірмелерге, әскери іс негіздерін зерделеу бойынша әскери-патриоттық клубқа басшылық етеді, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді;

Әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қою жөніндегі алдын ала жұмысты ұйымдастырады;

Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, қысылтаян жағдайларда әрекет ету бойынша іс - шараларды пысықтайды, қорғаныс құрылыстарының, қысылтаян жағдайларда азаматтық қорғаныс бойынша жеке қорғаныс құралдарының әзірлігін қамтамасыз етеді;

Оқу-тәрбие үдерісінде қауіпсіздік шараларын сақтайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

1. Мектеп оқушыларын Отанды сүйуге тәрбиелеуді.
 2. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарымен және сынып жетекшілерімен бірігіп оқу жылына әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
 3. Білім беру ұйымдарында бастауыш әскери дайындық бойынша оқу-материалдық базаны толтыруға, мүліктердің сақталуына, санитарлық – гигиеналық талаптарды орындауға жағдай жасайды.
 4. Жасөспірімдерді әскери білім беру ұйымдарына іріктеуге қатысады.
 5. Оқушыларды алғашқы әскери тізімге енгізу жұмыстарын ұйымдастырады.
 6. Сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушыларға бастауыш әскери дайындықтан дәріс береді.
 7. Төтенше жағдайларда практикалық жаттығулар өткізеді, әскери негізін оқытады, үйірме жұмыстарын басқарады.
 8. БӨД кабинетіне және сақталатын мүліктердің сақталуына жауап береді.
 9. Төтенше жағдайларда қорғанысқа дайын болу іс – шараларын өткізеді.
 10. Жұмыс уақыты:
 11. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндайды
- Жұмыс уақыты 8:00 – 15:00 аралығы

(Педагог-психолог)

Лауазымдық міндеттері:

Оқушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, оның ішінде девиантты мінез-құлыққа байланысты мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтауда көмек көрсетеді;

Білім беру ортасы жағдайында педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық мәдениетін қалыптастырады және білім беру процесіне қатысушылар арасында толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді;

Инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің аутодеструктивті және девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді, психологиялық көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қорытынды мен ұсынымдар жасайды;

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дамыту бағдарламаларын әзірлейді;

Әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

Дарынды білім алушыларға психологиялық қолдауды жүзеге асырады;

Білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетеді;

Педагогикалық ұжымға, сондай-ақ білім алушылардың және тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге ұсынымдар әзірлеу мақсатында ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізеді;

Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

Педагогика, психология және психотерапия бағыттары бойынша кәсіби құзыреттілікті үздіксіз арттырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістері мен технологияларын қолданады;

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңу бойынша ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;

Кәсіби қызмет барысында білім беру қызметінің психологиялық-педагогикалық принциптерін басшылыққа алады;

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін және келіп түсетін сұраныстарды ескере отырып, диагностика жүргізу үшін жол берілетін әдістер мен әдістемелерді айқындайды;

Жалпы білім беру бағдарламаларын игерудегі психологиялық, әлеуметтік немесе физиологиялық қиындықтардың себептерін саралайды;

Білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының ерекшеліктеріне психологиялық зерттеу жүргізеді, психоэмоционалды жай-күйін және оны тұрақтандыру мүмкіндіктерін талдайды;

Жеке немесе топтық түзету, дамыту және мотивациялық сабақтар немесе тренингтер өткізеді;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық қызметі мен әлеуметтенуіндегі өзгерістер динамикасының мониторингіне қатысады;

Білім алушы мен тәрбиеленушінің оқу-танымдық қызметіндегі және әлеуметтенуіндегі қиындықтарды еңсеру бойынша білім беру ұйымының өз ішінде және одан тыс тиісті бейіндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасайды.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

жеке тұлға психологиясы, дифференциалды балалар және жас ерекшеліктері, әлеуметтік, медициналық психология, балалар нейрпсихологиясы, патопсихология, психосоматика;

педагогикалық этиканың нормалары;

дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар, мамандану және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;

белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістері;

жеке және топтық кеңес берудің, диагностика мен баланың дамуын түзетудің заманауи әдістері,

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Азимбаева Сабира
Психолог –педагог

1. I ауысымдағы оқушылардың, мұғалімдердің психологиялық дамудың жалпы көрсеткіштеріне сай екенін анықтау мақсатымен психо-диагностикалық минимум зерттеуін жүргізу
2. Әр балаға өз болашағын анықтауға жәрдем беріп, олардың бейімділігін, қабілетін, қарым-қатынасын т.с.с зерттеулер жүргізу
3. Баланың өмір сүретін аймақтардағы жағдайды зерттеу
4. Профиліне сай мамандармен қосылып, психологиялық дамуында ерекше қабілеттері бар балаларға жағдай жасау
5. Топтық жұмысты есепке алу журналы
6. Психологтың аналитикалық есебі
7. I-этаждағы файенің безендірілуі және материалдық-техникалық базасына бақылау жасау
8. Үйде оқытылатын оқушылармен психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу
9. Жұмыс уақыты: 8:00 – 16:00, 14:00 – 16:00 аралығы

Кульбаева Азиза
Психолог-педагог

1. I ауысымдағы оқушылардың, мұғалімдердің психологиялық дамудың жалпы көрсеткіштеріне сай екенін анықтау мақсатымен психо-диагностикалық минимум зерттеуін жүргізу.
2. Әр балаға өз болашағын анықтауға жәрдем беріп, олардың бейімділігін, қабілетін, қарым-қатынасын т.с.с. зерттеулер жүргізу.
3. Баланың өмір сүретін аймақтардағы жағдайды зерттеу.
4. Профиліне сай мамандармен қосылып, психологиялық дамуында ерекше қабілеттері бар балаларға жағдай жасау.
5. Топтық жұмысты есепке алу журналы.
6. Психологтің аналитикалық есебі
7. I этаждағы кіре берістегі файені безендірілуі және материалдық-техникалық базасына бақылау жасау.
8. I ауысымдағы тәрбиесі қиын оқушылармен психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу.
Жұмыс уақыты: 12:00 – 19:30 аралығы

Ермекбаева Гүлжамал Дефектолог

Лауазымдық міндеттері:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымының, оның ішінде арнаулы мектептердің (мектеп-интернаттардың) арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады;

Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, Жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) сабақтар өткізеді;

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

Білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

Басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді;

Басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

Тәрбиешілерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация береді;

Жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлі нысандарын, білім беру технологияларын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;

Психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар), түзету-дамыту бағдарламаларын (психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары және басқа да орталықтар) іске асыратын арнайы білім беру ұйымдарының арнаулы педагогы Кемтар балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді;

Ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысады;

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының, аутизм орталықтарының арнайы педагогы білім беру ұйымының жоспары мен кестесі бойынша жеке, кіші топтық және топтық сабақтар өткізеді;

Жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді;

Өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырады;

Әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

Тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері;

өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;

арнайы педагогика;

оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;

арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;

педагогикалық этиканың нормалары;
еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау
қағидалары, санитариялық қағидалар.

Әлеуметтік педагогі

Лауазымдық міндеттері:

